

№12 (562) 30 желтоқсан 2022 жыл

# Zhangir



ZHANGIR KHAN  
UNIVERSITY

2004 жылдың  
наурыз айынан шығады

## ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Басқарма төрағасы-ректор Асқар Мырзахметұлы НАМЕТОВ:

### «БҚАТУ-дың жалынды жастарына сенемін!»

Санаулы сағаттардан соң университетіміз үшін жағымды жаңалықтарға толы болған 2022 жыл тарих қойнауына еніп, жаңа 2023 жылға қадам басамыз.



Бүгінгі студенттер – бір-бір саланың болашақ мамандары, яғни ел болашағы. Жәңгір хан университетінің жастары жоғары кәсіби білім ала жүріп, жылымыздың нәтижелі болуына, білім ордамыздың мәртебесінің асқақтауына жыл бойына өз үлестерін қосты. Сол үшін де оларға алғыс білдіремін.

Биылғы жылы 12 үздік студентіміз Президенттік шәкіртақы иегері атанса, 70-тен аса білім қуған жастар – еліміздің түкпір-түкпірінде өткен пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары. «Еурополис» жайдарман командасы республикалық премьер-лига ойындарының чемпиондары атанса, «Ерке-Нұр» би ансамблі халықаралық «Алые паруса» би конкурсында жеңімпаз болды. Ал «Рух» пікірталас орталығы бүгінде қазақ лигасы мен орыс лигасын қатар қамтып, сөзге жүйрік спикерлер мен пікірсайысшылар республикалық бірнеше ойындарда жеңіске жетсе, «Жәңгір жастары» волонтерлық қозғалысы – Батыс Қазақстан облысының үздіктері қатарында.

Спортта топ жарып жүрген жеті студентіміз – халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері және халықаралық сайыстардың жеңімпаздары. Алтауы – Азия және Еуропа чемпиондары. Оған қоса волейбол, баскетбол, қазақ күресі, қол күресі, спорттық бағдарлау, марафон секілді спорт түрлерінен де білім алушыларымыз республика және облыс көлеміндегі жарыстарда жүлдегер

атанып жүр. Мысалы, қол күресінен әлемнің 4 дүркін чемпионы Ерболат Ержанды, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Сейсов Әділбекті, дзюдо спортынан халықаралық турнирдің жеңімпазы Уналов Ерланды, жауынгерлік самбодан Азия чемпионатының жеңімпазы Сүлейменова Ризаны, әйелдер күресінен Азия чемпионатының күміс жүлдегері Баянова Зейнепті, әйелдер күресінен Еуропа чемпионы Панасович Анастасияны, канойэ есуден Әлемнің алтын және қола жүлдегері Бравкова Марияны, грэпплинг спорт түрінен Әлем чемпионатының жеңімпазы Айкөркем Иханова мен Азия чемпионатының қола жүлдегері Өтепқалиев Досжанды, пауэрлифтингтен Әлем чемпионы Досқұл Адельяны, садақ атудан спорт шеберлері Жүсіпов Райымбек пен Габдушева Диананы атауға болады.

Тағы бір айта кетерлігі, 2020 жылы өз жұмысын бастаған «Бизнес және мансап» орталығы арқылы биыл университет бітірген түлектердің 74 пайызы жұмысқа орналасты. Соның ішінде мемлекеттік тапсырыс негізінде білім алушылардың жұмысқа орналасу көрсеткіші – 77,4%. Жыл ішінде 55 кәсіпорын және ұйымдармен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойып, қазіргі күнде

олармен бірлескен жұмыс атқарудамыз. Университет аймақтағы бірден бір инфрақұрылымы дамыған типтік «Студенттік кампус» болып табылады. Осы инфрақұрылымдарға көмекші ретінде биылдан бастап Жастар бастамасын дамыту орталығының қызметі кеңейіп, жаңа орындағы жұмыстарын тың серпіліспен жалғастыруда. Бұл жастарымыздың белсенділігінің бұдан әрі қарқынды дамуына өз үлесін қосады деген сенімдемін.


**Қымбатты студенттер!** Төрімізге озатын жаңа жылда да сіздерден көптеген жетістіктер мен игі бастамалар күтемін. Бұдан да биік белестерді бағындырып, БҚАТУ-дың мерейін үстей түсетіндеріңізге сенемін.

**2023 жыл – Жәңгір хан университеті үшін мерейлі, мерекелі жыл болмақ. Дамудың даңғыл жолынан өтіп, еліміз бойынша жетекші, өңірдегі бірегей жоғары оқу орнына айналған Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-университетінің құрылғанына – 60 жыл толады.**

**Білім ордасының ұжымы үшін тарихи кезең болғалы тұрған Жаңа 2023 жылымыз құтты болсын! Келер жыл берекелі де мерекелі болсын, баришаңызға сәттілік серік болсын!**

## 2022 жылдың айтулы оқиғалары мен жетістіктері

«Жастар бастамасын дамыту орталығы» үшін жаңа қосалқы ғимарат пайдалануға берілді.



Политехникалық институтта «Қамқоршылық кеңестің» ұйымдастыруымен саябақ жасақталып, субұрқақ орнатылды.



«Мәдениет және өнер студиясы» ашылды.



Политехникалық институтының түлектері университеттің 60 жылдық мерейтойы қарсаңында «Ұстаздар» галереясын тарту етті.



Индустриалды-технологиялық институтында Уфа мемлекеттік мұнай-техникалық университетінің өкілдігі ашылды.



Биыл университетімізде 2 оқытушы – «ғылым кандидаты» дәрежесін алу үшін, тағы 4 оқытушы Phd докторы атағын алу үшін диссертация қорғады.




Биыл Жәңгір хан университетінің спортшы жастары түрлі деңгейдегі жарыстарда 23 алтын, 19 күміс, 21 қола медаль иеленді.




Жыл басынан бері университетіміз пайдалы өнертабысқа Қазақстан Республикасының 7 патентін алды.



Университеттің медиа кеңістігі «Жастар цифрлық радиосымен» толықты.







## Ескі жыл сізді есіркеді ме?



Тағы бір жылды тарих қойнауына аттандырып, жаңа жылды қарсылайтын сәтті тағатсыздана күтудеміз. Қазақ халқында «Жаңа жыл жарылқа, ескі жыл есірке!» деген бағзыдан келе жатқан тәмсіл бар. Әрине, келер жылдан үмітіміз мол, үлкен қуаныштар мен жетістіктер күтеміз. Ал өтіп бара жатқан жыл әріптестеріміз үшін қаншалықты маңызды болды екен?



## Енді бізде «СК-Электрондық кітапханасы» бар

Биыл біз алғаш рет «Кітапхана түні-2022» ауқымды әлеуметтік-мәдени іс-шарасын өткіздік. Көптеген білім алушыларымыз зияткерлік ойындарды тамашалап

қана қоймай, өздері осы шараға атсалысып, ортасында жүргені бізді қуантты.

Қазіргі заманғы технологияның мүмкіндіктерін молынан пайдалану мақсатында «СК-Электрондық кітапхана» бағдарламасын алдық. Бірыңғай іздеу жүйесі арқылы қызмет көрсетіп, барлық деректер базасынан бірден табуға мүмкіндік беретін электронды кітапханамен қатар тағы бір жақсы жаңалығымыз бар. Яғни, 2023 жылдан бастап оқырмандарымыз мобильді оқырман билетін пайдалану мүмкіндігіне ие болады. Осындай жақсы хабарлармен оқырмандарымызды қуанта отырып, босағамыздан енгелі тұрған 2023 жыл құтты болсын дейміз. Жаңа жыл әр шаңырақтың төріне мейірім мен ізгілік, бақыт пен бар жақсылықты алып келсін. Алдағы жылда ойға алған мақсаттарымыз, ізгі ниеттеріміз баршамызды биіктерге жетелесін.

**Айгүл ЕСЕНАМАНОВА**  
«Парасат» ақпараттық-білім беру орталығының директоры

қабылдап, білім саласына да мән берді. Студенттік шәкіртақының өсуі де – біз үшін жақсы жаңалық болды.

2023 жылы университет бітіретін түлек ретінде барлық достарыма ақ жол тілеймін. Бәрі де алға қойған арман-мақсаттарына жетіп, «Жәңгір хан университетінің табысты түлегі» деген атқа лайық болуларына тілекшімін.

Ал жас буын білім алушыларға айтарым: ешқашан ерінбей, бір орында аялдамай, алға қарай қадам басып, еңбектеніңіздер.

Келер 2023 жыл бәрімізге табысты, жемісті, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған жыл болғай. Жаңа жыл мерекесімен Жәңгір хан университетінің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттерді шын жүректен құттықтаймын. Жаңа жыл жақсылығымен келсін!

**Нұрасыл БЕРДІБЕК**  
«Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы» институтының 5-курс студенті



## Шәкіртақы өсіп, камқорлықты сезіндік

2022 – баршамыз үшін жақсы жыл болды деп ойлаймын. Президентіміз Қ.К.Тоқаев бірқатар маңызды шешімдер



## Ғылымдағы көкжиегім кеңейді

Мен Жәңгір хан университетінде «Ветеринария» мамандығының докторантымын. Өткен жыл мен үшін жаңалықтар мен жетістіктерге толы болды. Білімімді одан әрі тереңдетіп, халықаралық бағдарламалар аясында өзімді жетілдірдім.

2022 жылы Erasmus+ Sagris жобасымен оқу барысында Новосібір

мемлекеттік аграрлық университетінде, Қостанай өңірлік университетінде, Алматы қаласындағы ҚҰАЗУ-да және өзіміздің БҚАТУ-да түрлі семинарларға қатыстым. Халықаралық жобалардың нәтижесінде біз Германия, Чехия, Польша университеттерінің профессорларымен кездесіп, өте керемет заманауи лекцияларын тыңдадық. Биылғы жылы алған біліміміз бен тәжірибеміз өте мол. Оқу жылым тек шетелдік жобалармен шектелмейді, сонымен қатар өз еліміздің ғылыми жобаларына да белсенді қатысып келемін. Ғылыммен айналысуға мүмкіндік жасап, су-қоймаларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына үлес қосып жүрген жобамыздың жетекшісі, қауымдастырылған профессор Біржан Елубайұлы Нұрғалиевқа ризашылығым шексіз.

Алдағы 2023 жыл да өзінің жаңалықтарымен бізді қуантып, жетістіктерге толы болады деген сенімдемін. Баршаңызға зор денсаулық тілеймін, кәсіби-шығармашылық тұрғыда ғылыми жетістіктерге жетулеріңізге тілектеспін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

**Асхат ЖҰМАБАЕВ**  
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ докторанты

## Ғылым магистрі атандым

Мен биыл осы университет қабырғасынан ғылым магистрі атандым. Қыркүйек айында ұстаздық жолым да осы жерден басталды. Яғни, Жәңгір хан университетінің «Политехникалық институты» құрамындағы «Техника және инженерлік қорғау» жоғары мектебінің оқытушылары қатарына қосылдым.

2022 мен үшін үлкен мүмкіндіктерге толы жыл болды, сондықтан осы жылға алғысым шексіз. Ал келер жылдан тек жақсылықтар күтемін. Баршаңызды мерекемен құттықтап, жаңа жыл тек табыстарымен келсін деп тілеймін.

**Еркін КАМАЛ**  
Политехникалық институтының аға оқытушысы



## Жаңа жыл туралы қызықты деректер

Жаңа жыл – барша жұрт асыға күтетін, таңғажайып әрі ең көңілді отбасылық мерекелердің бірі. Көптеген елде 31 желтоқсаннан 1 қаңтарға қараған түні тойланады. Ал сіз бұл мерекенің тарихын білесіз бе?

Жаңа жыл туралы сізді таң қалдыратын біраз қызықты деректер бар. Ендеше, солармен бөлісе кетсек.

1. Алғашқы құжаттық дәлелдемелер бойынша жаңажылдық шыршаны безендіру дәстүрі XVII ғасырдың басынан басталады. Тарихшылардың пайымдауынша, алғашқы безендірілген ағаштар Эльзас жерінде пайда болды. Жаңажылдық ағашқа безендірулер ретінде түрлі-түсті қағаздан жасалған раушан гүлдері, алмалар, печенье, қант пен жылтырақтар болды.

2. Шыршаның алғашқы шыны шары XVI ғасырда Тюрингияда (Саксония) жасалды. Шыршаның ойыншықтарын жаппай өндіру XIX ғасырдың ортасынан бастау алады.

3. Жарық электрикалық гирляндамен безендірілген алғашқы шырша 1895 жылы американдық Ақ үйдің ал-

дына қойылды.

4. 1903 жылы «Малютка» балалар журналының жаңажылдық санында шыққан Раиса Адамовна Кудашеваның «Елочка» өлеңі екі жылдан кейін Леонид Карлович Бекманның әуенімен бәріне танымал «В лесу родилась елочка» әні болып шықты.

5. Ежелгі Римде жаңа жылды наурыз айында қарсы алатын еді. Біздің заманымызға дейін 46 жылы римдік император Юлий Цезарь жыл басын 1 қаңтар деп белгіледі. Оның атымен аталған Юлиандық күнтізбе бүкіл Еуропаға таралды.

6. Францияда 755 жылға дейін жыл басы – 25 желтоқсан саналған екен. 1564 жылдан бастап IX Карл

патшасының бұйрығымен жыл басы 1 қаңтар деп белгіленді.

7. Англияда жаңа жыл 25 наурызда тойланды, тек 1752 жылы ғана 1 қаңтарға ауысты.

8. Эскимостар жаңа жылды қар жауған күннен бастап санайды.

9. Кубада үйдегі барлық ыдысты сумен толтырып, жаңа жыл түнінде далаға төгеді. Бұл олардың өзіндік жаңажылдық ырымы саналады. Бұл әрекет – барлық күнәлерді жуып, шаю үшін жасалады екен. Кубада жаңа жыл – Патшалар күні деп аталады.

10. Грекияда отағасы үйдің

қабырғасына анарды жарады. Оның жан - жаққа ұшқан дәндері – сәттіліктің белгісі саналады екен.







# Елге тірек болу – ортақ мұрат

«Жас бала – жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қатып қалмақ».  
**Мағжан ЖҰМАБАЕВ**

Ел болашағын сеніп тапсыруға лайықты жастарды отаншылдық пен ұлттық намысқа, жігерлікке, халқын сүйеге тәрбиелеу – бүгінгі күннің ең басты мәселелерінің бірі. Бұл – Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетіндегі «Ақпараттық технологиялар» жоғары мектебінің де маңызды жұмыстарының біріне айналған.

«Ақпараттық технологиялар» жоғары мектебі биылғы оқу жылында да тәрбие бағытында жасалған дәстүрлі университет жоспары негізінде түрлі тақырыпта тәрбие жұмыстарын жоспарға сәйкес, көрсетілген мерзімде жүйелі атқаруда. Түрлі тақырыптарда тәрбиелік шаралар, олимпиадалар, дөңгелек үстелдер, пікірталас-сайыстар, мәдени-мерекелік кештер ұйымдастырып, өзекті мәселелерді қозғап, студенттерге құнды ойлар мен кеңестер беріп келеді.

Осы орайда Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында №3 студенттер үйінде «Ақпараттық технологиялар» жоғары мектебі «Тәуелсіз Қазақ елі бар ғаламда!» тақырыбында шара ұйымдастырды. Мақсатымыз – жастардың туған елі-



не деген сүйіспеншілік сезімін ояту, тәуелсіздікті қастерлеуге үйрету, ел тарихына байланысты алған білімдерін нығайту, тиянақтау, халқымыздың мәдениеті мен салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын сыйлауға тәрбиелеу, өздерін тәуелсіз елдің болашағы, тірегі ретінде сезінуге дағдыландыру.

Әнұранмен басталған шара барысында көрсетілген бейнеролик білім алушылардың еліміздің ұлы тарихына, ата-баба рухына, аға ұрпақтардың қаһармандық өмір жолына құрметін арттыра түскені сөзсіз. Отанына деген

құрмет сезімін арттыратын бұл мерекеге «Ақпараттық жүйелер және технологиялар» білім беру бағдарламасының III курс білім алушысы, мәнерлеп оқу шебері Айкүн Талғатқызы өзінің төлтұындысын арнады. Сондай-ақ Дильназ Азаматова әуезді әнімен көрермендерді тәнті етті.

Тәуелсіздіктің белбалалары болып табылатын бұл ұрпақ жаңалыққа, инновацияға иек арта келеді. Қалам-қағазға жүгініп, қолмен есептеп жататын шаруалар техника үлесіне көшкен қазіргі шақта техника құлағында еркін ойнайтын студенттерге шараның келесі

бөлімінде quiziz интеллектуалды ойынын ойнау қиындық келтірмеді. Сол сияқты қатысушылар «Тәуелсіздік сізге не берді, сіз Тәуелсіздікке не бересіз?» деген сауал төңірегінде өз ой-пікірлерін білдірді.

Шараның соңында «Ақпараттық технологиялар» жоғары мектебінің жетекшісі Идеят Бапиев сөз алып, мемлекеттік тәуелсіздік – ұлттық қауіпсіздіктің және қазақстандықтардың рухани әл-ауқатының, өз күшіне, еркіне, қуатына сеніп, бар мақсаттарын жүзеге асыруының, Қазақстандағы ұлттық келісім мен тыныштықтың кепілі екенін айта келіп, шараның мазмұнды, жоғары деңгейде өткенін атап өтті. Белсене қатысқан студенттерді дипломдармен марапаттап, алғыс білдірді.

Елге тірек болу – БҚАТУ жастарының да мұраты екені сөзсіз. Еліміздің болашағы, жанарында жанып тұрған оты бар, жалынды, жігерлі жастарды тәрбиелеудегі игі істер алдағы уақытта да өз жалғасын таба береді.

**Анарғұл БЕКЕНОВА**  
«Ақпараттық технологиялар» жоғары мектебінің аға оқытушысы, т.ғ.м.  
**Сандұғаш БЕКЕНОВА**  
«Ақпараттық технологиялар» жоғары мектебінің оқытушысы, т.ғ.м.

## Детально проведенная лекция бизнесмена

Согласно плану работы бизнес школы в конце декабря была проведена лекция директора ТОО «Softlance» А.Е.Локтева на тему «Директор предприятия».



Спикер подробно рассказал про организационно-экономические формы предприятия, а именно товарищество с ограниченной ответственностью, что бывает единичное и коллегиальное управление.

Руководителю всегда необходимо уметь правильно делегировать полномочия своим подчиненным работникам, потому что нельзя все делать самому, это приводит к эффективности.

Главное в современном бизнесе учитывать три важные эпостаси – клиенты, персонал и учредители, при этом вся деятельность предприятия состоит из бизнес-процессов.

Энергия всех ресурсов предприятия Е1 на входе примерно будет равна энергии Е2 на выходе из системы и полном потреблении готовой продукции клиентами и собственно населением.

Персонал предприятия ТОО «Softlance» состав-

ляет 200 человек, ни одного родственника, важно обеспечение персонала всеми необходимыми ресурсами для работы.

Необходимо директору, по мнению Локтева А.Е. всегда занять человека в других профессиях, если не знает их надо обучить этому. Например, юрист готовит документы максимум 3 дня в месяц, остальные дни отдыхает, получает заработную плату за весь месяц.

В мире развит кросс-функциональный бизнес, получение сертификатов выгодно и необходимо современному человеку от 10 и более профессий, при этом получаешь больше компетенций, таким образом, получают суперпрофессионалы своего дела.

В ходе лекции была налажена хорошая обратная связь между бизнес-

меном Локтевым А.Е. и 80 студентами различных специальностей, которые активно задавали конкретные вопросы и сразу получали на них квалифицированные ответы.

По окончании встречи специалисты бизнес школы выразили благодарность бизнесмену за детально проведенную лекцию и пожелали дальнейших творческих успехов.

В заключение, хотелось бы отметить, что в ходе лекции бизнесмена студенты получили новые знания и исчерпывающую информацию по насущным вопросам, касающимся работы директора как руководителя современным предприятием.

**Берик ХУСАИНОВ,**  
ведущий специалист  
бизнес школы,  
доцент высшей школы,  
«Экономика и аудит»

## «ГМО өнімдері пайдалы ма, әлде зиян ба?»

28 желтоқсан күні Агротехнология институтының «Өсімдік өнімдерін өндіру технологиясы» жоғары мектебінде өткен инновациялық ашық сабақ осылай аталды.

Ашық сабақ «6B08100-Агрономия» мамандығының 4-курс білім алушыларына «Өсімдіктер биотехнологиясы» пәні бойынша оздырылды.

Бүгінде әлемдік нарықты гендік инженерияның жемісі – гендік модификацияланған организмдер мен өнімдер (ГМО) жайлап келеді. Сыртқы

екі бөлімнен тұрды. Біріншісі, «Биотехнология – ғылым мен өндірістің жаңа саласы туралы түсінік» және «Гендік инженерияның мақсаты мен міндеттері» деп аталды. Ал екінші бөлім «Гендерді тасымалдайтын векторлар. Рекомбинантты ДНК молекуласын алу» (бейнеролик), «Агробактерияплазмидаларын вектор ретінде қолдану», «Генетикалық модификацияланған өнімдер» (бейнефильм), «ГМ өнімдерінің пайдасы мен зияны туралы студенттер мәліметі» деген тақырыптардан құралды.

Сабакқа жоғары мектеп жетекшісі, PhD




саудаға есігі ашық ел ретінде бұдан біздің мемлекет те тысқары қалып отырған жоқ. ГМО деген атынан үріккеніміз болмаса, оның қандай болатынын, қаншалықты пайдалы немесе зиян екенін әлі біле бермейміз. Себебі ГМО-ның адам денсаулығына әсері әлі толық зерттеліп бітпеген. Гендік модификацияланған азық-түліктер – биология саласының үлкен жетістігі. Бірақ негізгі сұрақ осы азық-түліктердің адам ағзасына әсерінде болып отыр.

Осы тақырыпты қаузаған инновациялық ашық сабақ бағдарламасы

доктор Ерғали Аюпов, жоғары мектептің аға оқытушысы, қауымдастырылған профессор, а.ш.ғ.к., Сәуле Рахимғалиева, а.ш.ғ.к., доцент м.а. Мейрамғұл Мусина, PhD доктор, аға оқытушылар Ләйлә Калиева, Нұрболат Жаңаталапов қатысты. Оқытушылар өз пікірлерімен бөлісіп, ашық сабаққа оң бағаларын берді. Ашық сабақты ұйымдастырған доцент Диамара Тулегенова келген қонақтарға алғысын білдірді.

**Айзада ГАБСИКОВА**  
АН-41 тобының студенті





## Біздің жанашырларымыз



2022 жылы Жәңгір хан университетінің әлеуметтік желілерін және «Заңғар» газетін жаңартып-жаңғыртып отыруға атсалысып, жағымды жаңалықтарымен бөліскен барша әріптестерге алғыс білдіреміз. Соның ішінде белсенді түрде бізге жанашыр болып, қолдау білдірген авторларымыз бен желі қолданушыларын атап өткіміз келеді.

Жаңа жылдарыңыз құтты болсын! Алдағы жылы да ақпараттық байланысымыз үзілмейді деп сенеміз.



**Берік ХУСАИНОВ,**  
доцент, ауыл шаруашылығы  
ғылымдарының кандидаты.

Жыл бойына «Заңғар» газетіне және әлеуметтік желілерге мақалаларын жиі жариялап тұрған авторларымыздың бірі. Сонымен қатар Берік Мерғалиұлы әлеуметтік желідегі жазбаларымызға пікір қалдырып, белсенділік танытып отырады. Болашақ кәсіпкерлер мен табысты түлектерді даярлап жүрген ғалым-ұстаздың жұмысы жемісті болуына тілекшіміз!



**Болатқали ТӨЛЕБАЕВ,**  
«ҚР Білім беру ісінің құрметті  
қызметкері», доцент, ғылым канди-  
даты, ақын.

Болатқали аға зейнеткерлік демалыста болса да, үнемі шығармашылық байланыста болатын аға буын өкілдерінің бірі әрі бірегейі десек болады. Университеттегі әріптестерінің жетістіктерін бақылап, біздің әлеуметтік желілеріміз бен газетіміз арқылы өлең шумақтарын немесе мақалаларын жолдап тұрады. Өзінің өлеңіне жазылған әндерді университетіміздегі «Жастар цифрлық радиосы» арқылы біздің тыңдармандарымызға жолдап отыруды да ұмытпайды.

Қолыңыздан қаламыңыз түспей, жақсы дүниелер жаза беріңіз Болатқали Төлебайұлы! Келер жылы да шығармашылық жаңалықтарыңыз көп болсын деп тілейміз.



**Есқайрат ХАЙДАРОВ,** аға  
оқытушы, тарих ғылымдарының  
кандидаты.


Есқайрат Ерболатұлы – тарихи және маңызды оқиғалар туралы мақалалары «Заңғар» газетінде жиі жарияланып тұратын авторларымыздың бірі. Тарихи, танымдық туындыларымен жастардың білімін арттыруға, дүниетанымын кеңейтуге үлес қосып келеді.

Келер жылы да бізбен шығармашылық байланысыңызды үзбей, мазмұнды мақалаларыңызбен бөлісіп тұрады деп сенеміз. Жазарыңыз таусылмасын!



**Шамшырақ ЕСЕНҒАЛИЕВА,**  
Агротехнология институтының  
студенті.

Шамшырақ – университеттің белсенді білім алушыларының бірі. Сонымен қатар білім ордасындағы іс-шаралар туралы мақалалар жазып тұратын тұрақты авторымыз. Университеттегі түрлі кештерді жүргізіп, сахнада жарқырап жүретін Шамшырақтың шығармашылық қабілеті зор. Жазарың түгесілмей, қаламың ұштала түссін Шамшырақ!



**Мұхаммед-Əли ҚУАНЫШКЕРЕЙ,**  
Экономика, ақпараттық техно-  
логиялар және кәсіби білім беру  
институтының студенті.

Мұхаммед-Əли де – біздің белсенді авторларымыздың бірі. Өзінің айтар ойы бар білім алушы университетіміздегі іс-шараларды жарыққа шығаруға атсалысып келеді. Оның есімі «Заңғар» газеті мен әлеуметтік желілерде жиі көрініп қалады. Алдағы уақытта Мұхаммед-Əлиден көлемді мақалалар күтеміз, себебі белсенді жастың мүмкіндігі оған молынан жетеді.



**Экономика, ақпараттық  
технологиялар және кәсіби білім  
беру институты.**

Бұл институтты бөле-жарып көрсетуіміздің өз себебі бар. Айта кетсек, әлеуметтік желілердегі ақжолтай хабарлар мен ақпараттардың басым көпшілігі осы институттан келіп түскен екен. Әрине, соның ішінде спортшы жастардың жетістігімен

ұпайлары еселеніп тұрғаны сөзсіз. Әлеуметтік желідегі ақпараттарымен көш бастап тұрған келесі институт – Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы. Одан кейінгі орындарда – Агротехнологиялық және Политехникалық институттар. Ал Индустриалды-технологиялық институт желідегі ақпараттар саны жағынан соңғы орында болғанымен, сапа жағынан басқалардан асып түспесе кем түспейді!

**Меншік иесі:**

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті.  
Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ медиа орталығының директоры  
**Ләззат ҚАЖЫМОВА**  
Компьютерде беттеуші және дизайнер  
**Қайрат ИСИМОВ**

Бас маман  
**Анар НҮРЛАНҚЫЗЫ**  
«Заңғар» газетінің маманы  
**Айдана ТЕМІРБАЙ**

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 562  
Қолжазба авторға қайтарылмайды. Деректердің нақтылығына автор жауапты.

Мақаладағы

**Редакцияның мекенжайы:**

090009, Орал қаласы,  
Жәңгір хан көшесі, 51.  
Бас ғимарат 206-бөлме  
1-42  
info\_zkatu@mail.ru